# Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

"Жұлдыз"тобы Тәрбиеші:Өміралиева Тұрсынай





# Ересектер тобында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы



*Білім беру саласы: “Қатынас”,*
*«Таным»,*
*«Шығармашылық»*

*Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: Көркем әдебиет*

*Пән аралық байланыс: Тіл дамыту ән-әуез,қарапайым математика*

*Тақырыбы: ”Мамандықтың бәрі жақсы”*

*Мақсаты:*

*Балаларды мамандық түрлерімен таныстыру.Ойлау қабілетін дамыта отырып,болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.Еңбекке құштарлықтарын оятып,үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Тіл байлықтарын  дамытып, әңгіме құрастыруға үйрету.*

Әдістері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ -жауап, дидактика-лық ойын,мультик көрсету, мақтау-мадақтау

Қолданылатын құрал-жабдықтар Түрлі мамандық суреттері,мамандық иелерінің құралдары,сабақ тақырыбы,шарлармен безендіру,теледидар және DVD

## Мотивациялық қозғаушы

*Үлкенге де «сіз»*
*Кішіге де «сіз»*
*Баршаңызды*
*құрметтеп*
*Бас иеміз біз!*

| Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- |
| Балалар мамандық түрлері өте көп.Қазір біз автобуспен саяхатқа шығайық.Автобусты жүргізетін адамды кім деп атайды?<br>Қане кім жүргізуші болады?<br>Тәрбиеші балалармен бірге автобусқа отырып саяхатқа шығады. | Бекет:<br>Жолда өткізер көп түнді<br>Шофер болғым келеді<br><br>Балалар үлкен қуанышпен саяхатқа барады. |



Балалар ауруханаға келді.

Ауруханада дәрігер апай өзінің көмекшілерімен қарсы алды

-




Нұрила:
Мен дәрігер боламын
Үлкеннің де баланың
Қиналғанда қасына
Бірінші болып барамын
Данияр:
Іш ауырса,тіс ауырса
Саған дәрі беремін
Барлық бала,барлық ана
Мені жақсы көреді



Аспазшы апай балалармен “Дәмін тап” деген ойын ойнады.

Шарты:Көзін жұмып тұрады.Аспазшы апай ауыздарына салған тамақтың дәмін айтып беру керек.



Динара:

Бармағынан бал тамған

Аспаз болғым келеді



*Балалар енді мына дүкенге аялдайық.*

*Дүкенде ойыншықтар өте көп екен.Бұл кісіні кім деп атайды?*

*Сатушы апай балалармен амандасып, балаларға сұрақтар қою арқылы білімдерін байқады.*



*Енді тобымызға оралайық.Сендерге саяхат ұнады ма?*

*Сатушы.*

*Балалар сатушы апаймен қоштасып, кинотеатрға келіп мультик тамашалады.*

*Мультиктен көрген мамандықтарын айтты.*

ұнады

# Сергіту сәті

*Мынау-менің жүрегім*
*Бәрі осыдан басталған*
*Мынау-басым ақылды*
*Барлық істі басқарған*
*Мынау-менің оң қолым*
*Мынау-менің сол қолым*
*Барлық істі атқарған*





# Тақтадағы көрнекіліктермен таныстыру



Балалар жеке-жеке тақпақтарын айтты.Өздерінің өскенде дәрігер,мұғалім , аспаз-шы, тігінші,милиция,дихан,құрылысшы болып еліне қызмет ететіндерін айтты







# Жақсы ілтипатпен жүздескенше күн жақсы болсын!

